# ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА: МАҚСАТТАРЫ, КӨРСЕТКІШТЕРІ, НӘТИЖЕЛЕРІ

1 Ұлттық экономика ұғымы және оның негізгі мақсаттары
2Макроэкономикалық көрсеткіштер. Жалпы ұлттық өнім(ЖҰӨ) және өлшеу әдістері.

- Макроэкономика ұлттық шаруашылықтың барлық қатысушыларының бірлескен экономикалық қызметтерінің нәтижесімен зардаптарын бір уақытта зерттейді. Ол экономикаға тән жалпы құбылыстарды (инфляция, жұмыссыздық, ақша қатынастары) зерттеулермен айналысады

- Макроэкономика XX ғасырдың 30 жылдары пайда болды, негізін салушы ағылшын экономисі – Джон Мейнарт Кейнс. Оның пайда болуына индустриалды дамыған елдердегі тоқырау мен жалпы экономикалық дағдарыс ықпал етті. Дағдарыстан шығу жолын Кейнс 1936 жылы жарық көрген «Кәсіппен қамту, процент және ақша теориясы» еңбегінде көрсетті.

# Макроэкономикалық саясаттың мақсаты мен құралдары

- ***Макроэкономикалық реттеудің мақсаттары*** :
- экономикалық өсімді қамтамасыз ету ( жалпы ұлттық өнімнің нақты өсімі 4 % кем болу керек, яғни өндірісті халық санына бейімдеу.
- тұрақты баға деңгейін қамтамасыз ету ( бәсеке көмегімен реттеу, баға өсімі баяу инфляция шеңберінде болуы керек)
- еңбекке жарамды адамдарды толық жұмыспен қамту
- сыртқы сауда балансының пропорциясын сақтау. Импорт пен экспорттың теңдігі. Ұлттық ақша өзге ел ақшасына емін –еркін айырбасталып, айырбас бағамы тұрақты болуы керек.

- ***Макроэкономикалық реттеудің құралдары*** :
- Фискалдық саясат(мемлекеттік шығындар мен салықтарды реттеу)
- Монетарлық саясат(ақша –несиені реттеу)
- Табыстар мен шығындарды реттеу саясаты
- Сыртқы экономикалық саясат

| Жыл | ЖІӨ өсу қарқыны, % |
|---|---|
| 1993 | -9,2 |
| 1994 | -12,6 |
| 1995 | -8,3 |
| 1996 | 0,5 |
| 1997 | 1,6 |
| 1998 | -1,9 |
| 1999 | 2,7 |
| 2000 | 9,8 |
| 2001 | 13,5 |
| 2002 | 9,8 |
| 2003 | 9,3 |
| 2004 | 9,6 |
| 2005 | 9,7 |
| 2006 | 10,7 |
| 2007 | 8,9 |
| 2008 | 3,2 |
| 2009 | 1,2 |
| 2010 | 7,3 |
| 2011 | 7,5 |
| 2012 | 5,5 |
| 2013 | 4,4 |

| Жыл | Инфляция |
|---|---|
| 1991 | 147,1% |
| 1992 | 2960,8 % |
| 1993 | 2165,0 % |
| 1994 | 1158,3 % |
| 1995 | 60,3 % |
| 1996 | 28,7 % |
| 1997 | 11,2 % |
| 1998 | 1,9 % |
| 1999 | 17,8 % |
| 2000 | 9,8 % |
| 2001 | 6,4 % |
| 2002 | 6,6 % |
| 2003 | 6,8 % |
| 2004 | 6,7 % |
| 2005 | 7,5 % |
| 2006 | 8,4 % |
| 2007 | 18,8 % |
| 2008 | 9,5 % |
| 2009 | 6,2 % |
| 2010 | 7,8 % |
| 2011 | 7,4 % |
| 2012 | 6,0 % |

- Еліміздің экономикалық жағдайын талдау, ұлттық шоттар жүйесіне негізделеді. ҰШЖ – елдің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін бағалайтын халықаралық стандарт.

Бұл жүйеге ТМД елдерімен Қазақстан 1988 жылы ендірілді. Оны БҰҰ статистикалық органы 1953 жылы жасаған. Елдің экономикалық даму деңгейін шетелдіктермен салыстыруға мүмкіндік береді

- Жалпы ұлттық өнім(ЖҰӨ)- белгілі бір кезеңдегі ел азаматтары өндірген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағасы
- Жалпы ішкі өнім(ЖІӨ)- белгілі бір кезеңдегі елдің ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағасы

Оны есептеудің 2 жолы бар:

- 1.қоғамның осы жылы өндірілген тауарлар мен қызметтерге жұмсаған барлық шығындары жиынтығымен;
- 2. өндірістің нәтижесінде алынған өнімнің ақша табыстарын қосу арқылы.
- $ЖҰӨ_{шығын} = ЖҰӨ_{табыс}$

2 әдіс бірдей нәтиже шығару керек.

# $ЖҰӨ_{шығындар} = C + I + G + Xn$
# $ЖҰӨ_{табыстар} = R + W + i + P + амортизация + жанама\ салықтар$

- C – тұтынушылардың күнделікті тұтынатын тауарларын, тұрмыс қызмет тауарларын сатып алу шығындары.
- I– кәсіпорындардың инвестициялық шығындары (құрал-жабдық, машина сатып алу)
- G - мемлекеттік шығындар,мемлекеттік тауарларды сатып алу
- Xn – таза экспорт, ол экспорт тан импортты шегергенге тең.

- R – жер үшін алынатын ренталық төлемдер
- W – еңбек үшін алынатын жалақы
- i – капитал үшін алынатын пайыз
- P- кәсіпкерлердің алынатын пайдасы
- Амортизация – дегеніміз тұтынылған капиталдың орнын толтыру үшін төленетін жарналар.

- ТҰО- таза ұлттық өнім.
- ТҰО=ЖҰӨ -Амартизация .
- Ұлттық табыс =ТҰӨ-жанама салықтар

немесе Ұ.Т = W + R + I + P

- Ж. Т. ( жеке табыс ) = Ұ.Т.- әлеуметтік сақтандыру жарнамалары , корпорацияны бөлінбейтін пайдасы + трансфектрлі төлемдер;
- ҚТ.=ЖТ –жеке салықтар ;
- ҚТ-(қолда бар табыс )